

Жаңаөзен қаласының әкімдігі

Маңғыстау облысы Жаңаөзен
қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 3
ақпандағы № 180 қаулысы.
Маңғыстау облысы Әділет
департаментінде Жаңаөзен
қаласының Әділет басқармасында
2009 жылғы 27 ақпанда № 11-2-
102 тіркелді

Акимат города Жанаозен

Сотталған азаматтар үшін тегін пайдалы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын мекемелер мен кәсіпорындардың тізбесін бекіту туралы

Әділет Министрлігінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 151 бұйрығының негізінде және 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 42-бабына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сотталған азаматтар үшін тегін пайдалы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын мекемелер мен кәсіпорындардың тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Шығарылған сот үкіміне және қылмыстық атқару инспекциясының жолдамасына сәйкес жұмыс берушілер сотталған азаматтарды қала аумағында көгалдандыру, жасыл көшеттерді отырғызу, көркейту, санитарлық тазалау, құрылыс, жолдарды және оның аймағын тазалау жұмыстарына, санитарлық қызметтерге тартылуын қамтамасыз етсін.
3. Аталған тізімде көрсетілген мемлекеттік кәсіпорындардың басшылары сотталған азаматтар үшін тегін пайдалы қоғамдық жұмыстардың төлемақыларын жергілікті бюджетке аударылуын қамтамасыз етсін.
4. Қала әкімдігінің 2008 жылғы 05 ақпандағы N 311 қаулысының күші жойылсын.
5. Осы қаулының орындалысын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Сатыбалдиевке жүктелсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ж.Бабаханов

КЕЛІСІЛДІ:

М.И.Абубикиров _____

«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
«3» ақпан 2009 ж.

Қала әкімдігінің 2009 жылы

«

«3» ақпандағы № 180

қаулысына қосымша

**Сотталған азаматтар үшін тегін пайдалы қоғамдық жұмыстар
ұйымдастырылатын мекемелер мен кәсіпорындардың тізбесі**

1. «Жаңаөзен қалалық орталық аурухана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын /С.Бекназаров/
2. «Өзенинвест» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын /Ж.Мукашев/
3. «Тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын /Н.Қайнарбеков/
4. «Өзенкөктем» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын /Ж.Туров/
5. «Өзен жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын /Б.Ақшабаев/